

Объектілік ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің 2024 жылғы 1 шілдедегі № 9 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2023 жылғы 10 мамырдағы "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" № 240 бұйрығына сәйкес, Екібастұз қаласының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі қалалық комиссиясы кезектен тыс отырысының 2024 жылғы 28 маусымдағы №8 хаттамасы негізінде, **ШЕШТІМ:**

1. "Energy Solutions Center" ЖШС-де орын алған авариялық жағдайға байланысты Екібастұз қаласында объектілік ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай режимі жариялансын.

2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып "Energy Solutions Center" ЖШС-ның бас директоры Айдарбек Тансыкович Кыстаубаев тағайындалсын (келісім бойынша).

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Екібастұз қаласының әкімі

А. Бейсекин